

Тұрғын үй көмегін көрсетудің мөлшері туралы

Күші жойған

Ақтөбе облысы Шалқар аудандық мәслихатының 2010 жылғы 17 ақпандағы № 190 шешімі. Ақтөбе облысы Шалқар ауданының Әділет басқармасында 2010 жылғы 18 наурызда № 3-13-127 тіркелді. Күші жойылды - Ақтөбе облысы Шалқар аудандық мәслихатының 2010 жылғы 20 шілдедегі № 212 шешімімен

Ескерту. Күші жойылды - Ақтөбе облысы Шалқар аудандық мәслихатының 2010.07.20 № 212 шешімімен.

Қазақстан Республикасының "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" 2001 жылғы 23 қаңтардағы N 148 Заңының 6-бабына, Қазақстан Республикасының "Тұрғын үй қатынастары туралы" 1997 жылғы 16 сәуірдегі N 94 Заңының 97 бабының 2 тармағына, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2009 жылғы 30 желтоқсандағы "Тұрғын үй көмегін көрсету ережесін бекіту туралы" N 2314 қаулысымен бекітілген ережесінің 3 және 5 тармақтарына сәйкес аудандық мәслихат **ШЕШІМ ЕТЕДІ:**

1. Тұрғын үй көмегін көрсетудің мөлшері отбасының жалпы айлық кірісінің шекті деңгейі 5 пайыз болып белгіленсін.

2. Осы шешім алғаш ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі және 2010 жылдың 1 қаңтарынан басталған құқықтық қатынастарға таратылсын.

*Аудандық мәслихаттың
сессия төрағасы*
Г.Сейтова

Аудандық мәслихаттың

хатшысы
С.Тулемисов